**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Бекітемін**
**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»**
**ШЖҚ РМК-ң ректоры**
**_____ Т. Балықбаев**
**«___» _____ 2018 ж.**

# ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

| Көшірме | Код | Басылым | Дайындаған | Келісілді | Келісілді |
|---|---|---|---|---|---|
| | ПРА КазНПУ 3001-18 | Екінші | Бекбенбетова К.А. | Ибрайымов М.Б. | Ишпекбаев Ж.Е |
| | | | | Қызайбек А.Б. | Жанбаева Л.А. |

**Алматы, 2018**

# Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

## Жалпы саясат

Бұл Этикалық кодекс – республика жоғары мектебінің қара шаңырағы саналатын Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің кәсіби қызметіне байланысты олардың қызметтік қарым-қатынас мәдениетінің ұстанымдарын айқындайтын, ұстаздар мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасының сипатын анықтайтын құжат болып табылады. Аталған құжатта профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлерінің қызметтік құқықтары мен міндеттері, іскерлік іс-әрекет тәртібі белгіленген, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыратын адами қарым-қатынас әдебі және педагогтардың абыройы мен намысын қорғаудың тәртіптік жүйесі көрсетілген.

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Этикалық кодекс негізі ҚР Конституциясы, ҚР Білім туралы Заңы, ҚР Еңбек Кодексі, «Абай атындағы ҚазҰПУ Ішкі тәртіп Ережелері», Абай атындағы ҚазҰПУ Жарғысы басшылыққа алынып, құрастырылды.

1.2. Бұл кодекс Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушы құрамының, қызметкерлердің бір-бірімен және білім алушылармен жоғары мектеп мәдениетіне сәйкес қызметтік этика ұстанымдарын ұстану, зиялылық пен парасаттылыққа, имандылық пен адамгершілікке құрылған қарым-қатынас жасаудың тәртіптік ережелер жүйесін анықтайды.

1.3. Университетте барлық тұлғалардың Этикалық кодекс ережелерін басшылыққа алып, оны орындап отыруы қызмет орнындағы міндеті болып саналады.

1.4. Университет әкімшілігі профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлердің тарапынан Этикалық кодекс ережелерінің талаптары бұзылған жағдайда кафедра мәжілісінде, институт және университет кеңестерінде қарап, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешім қабылдауға және төмендегідей тәртіптік жаза қолдануға құқылы:

- бірінші рет ескерту беруге;
- өрескел қателік орын алғанда сөгіс, бірнеше рет қайталанған жағдайда қатаң сөгіс беріледі. Жағдай жөнделмесе, профессор-оқытушы құрамымен, қызметкермен жасалған еңбек келісім шарты бұзылады және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

## 2. Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің міндеттері:

2.1. Университеттің беделін және мәртебесін көтеру;

2.2. Жоғары мектеп педагогикасының теориялық негіздері мен әдістемелік технологияларын меңгеру, қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін білу;

2.3. Жоғары мектеп мәдениетіне және қызметтік этикаға сәйкес киім кию және сөйлеу мәдениетін ұстану;

2.4. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер бір-бірімен және білім алушылармен қарым-қатынас жасауда субординация сақтау; өзара түсінбестік туындаған жағдайда түйткілді мәселені шешуде өзін-өзі ұстаудың этикалық нормаларын сақтау;

2.5. Студенттердің білімдік және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес деңгейлік дамыту жұмыстарын жүргізу, дарынды жастарды шығармашылық ізденістерге тарту арқылы кәсіби шеберліктерін жетілдіру;

2.6. Білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісіне байланысты өндірістік және мемлекеттік тәжірибені жоғары деңгейде ұйымдастыру;

2.7. Профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлер жоғары оқу орнындағы қарым-қатынастың негізгі аспектілерін реттейтін «Абай атындағы ҚазҰПУ Ішкі тәртіп Ережелерін» басшылыққа алу;

2.8. Кәсіби білім мен білік негіздерін терең, жүйелі меңгеріп, оқу-тәрбие үдерісінде дұрыс, жүйелі және ұтымды пайдалану;

2.9. Кредиттік жүйе бойынша оқытудың талаптары мен әдістемесін жақсы меңгеру және білім алушыларға жетік түсіндіру;

2.10. Білім алушыларға жалпыға міндетті мемлекеттік жоғары білім беру стандарттарына сәйкес жоғары білімнің кәсіби теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын терең де жан-жақты түсіндіру, жүйелі меңгерту;

2.11. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес өзі жүргізетін пән бойынша әр оқу жылына оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді, пән силлабустарын даярлап, бекітуге ұсыну;

2.12. Университеттің, институттың, кафедраның ғылыми және қоғамдық өміріне атсалысу, бекітілген тобында тәрбие жетекшілік және эдвайзерлік жұмысты жауапкершілікпен атқару;

2.13. Профессор-оқытушының жеке жоспарында, тәрбие жұмысының жоспарында, эдвайзердің жұмыс жоспарында белгіленген шараларды өз уақытында және тиісті сапада жүзеге асыру;

2.14. Аралық және қорытынды бақылауларды өз уақытында жүргізу және белгіленген мерзімде ведомостті Тіркеу, бақылау және бағалау басқармасына өткізу;

2.15. Білім алушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізу;

2.16. ҚР Конституциясын, ҚР "Білім туралы" заңын, ҚР "Еңбек кодексін", "Білім беру ұйымдары қызметінің ережелерін" және т.б. да білім мен тәрбие беру саласына байланысты заңнамалық актілерді, заңдық күшке ие құқықтық-нормативтік құжаттарды білу;

2.17. Техникалық қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі ережелерін, табиғат апатынан сақтану мен құтқару ережелерін білу, қажет жағдайда алғашқы дәрігерлік көмек көрсету;

2.18. Білім және тәрбие беру үдерісін жақсарту мен жетілдіру мақсатында ұсыныстар беру.

## 3. Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер қызмет барысында төмендегілерге <u>құқылы:</u>

3.1. Жұмыс берушімен жасалған жеке еңбек келісімшартында белгіленген құқықтарды пайдалануға;

3.2. Педагогтың кәсіби іс-әрекеттерінің моральдық құндылығын сақтауға;

3.3. Кәсіби біліктілігі мен білімін үнемі көтеріп отыруға және өзара тәжірибе алмасуға;

3.4. Денсаулығын сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға және насихаттауға;

3.5. Қажеттілік туындаған жағдайда университет Кәсіподақ ұйымының есебінен жеңілдікпен жылына бір рет емдеу-сауықтыру орындарында емделуге және бекітілген ережеге сәйкес материалдық көмек алуға;

3.6. Университеттің, институттың Ғылыми Кеңестеріне, кафедра мәжілістеріне қатысуға және шешім қабылдауда дауыс беруге;

3.7. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттармен қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысуға; ғылыми қорлар (қоғамдастықтар, ұйымдар, т.б.) жұмысына қатысуға;

3.8. ҚР қолданыстағы заңнамасы шеңберінде өзінің адами абыройын, кәсіби намысы мен беделін қорғауға; қажеттілік туындаған жағдайларда аталған заңнама талаптарына сәйкес сот орындарына шағымдануға;

3.9. Профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер осы Этикалық кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізуге байланысты ұсыныстар беруге құқылы.

## 4. Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің қызмет барысында төмендегілерге <u>құқығы жоқ:</u>

4.1. Жұмыс берушімен жасалған жеке еңбек келісімшартында белгіленген міндеттерден бас тартуға және орындамауға;

4.2. Қызметтік және лауазымдық құзыры мен мүмкіндіктерін жеке басының мүддесіне пайдалануға;

4.3. Қызмет орнында ұжым мүшелері арасында, сабақта білім алушылар арасында қызметтік этика нормаларын бұзуға; жағымсыз моральдық ахуалды қалыптастыруға;

4.4. Қарым-қатынас барысында дөрекіліктерге жол беруге (қызметтестерді, білім алушыларды балағаттау, намысына тию, т.б.)

4.5.Оқу орнында дауыс көтеріп күлуге, айқайлап сөйлеуге, жекіріп ұрысуға;

4.6.Оқу ғимараттарынан, дәрісханалардан, кабинеттерден және зертханалардан университет әкімшілігінің рұқсатынсыз мүліктік құндылықтарды (оқу құрал жабдықтары, техникалық құралдар, жиһаздар, т.б.) алып шығуға;

4.7.Білім алушыларды әлеуметтік жағдайына байланысты алалауға және кемсітуге;

4.8.Оқу орнына ішімдікті пайдаланып келуге; білім алушылармен бірге темекі тартуға;

4.9. Темекіні арнайы белгіленбеген жерлерге тартуға және қоғамдық орындарды ластауға;

4.10. Қызмет орнына, сабаққа кешігіп келуге және белгіленген уақыттан ерте кетуге;

4.11. Емтихан сессиялары және аралық, қорытынды бақылау кезінде білім алушыларға қысым көрсетуге және ақша талап етуге;

4.12. Сабақ барысында (дәріс, семинар, СОӨЖ) оқу-тәрбие үдерісіне қатысы жоқ әңгімелерді айтуға, басқа жұмыстармен айналысуға.

## 5. Абай атындағы ҚазҰПУ-да қызмет ететін барлық тұлғалардың қызметтері төмендегі қағидаларға негізделуі тиіс:

- *адамгершілік*
- *адалдық*
- *шыншылдық*
- *сенімділік*
- *кәсібилік*

- *жауаптылық*
- *әдептілік*
- *сыйластық*
- *белсенділік*
- *бастамашылдық*
- *дербестік*
- *төзімділік*
- *жариялылық*

## 6. Абай атындағы ҚазҰПУ профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері төмендегілерге жауапты:

6.1.Бекітілген кестеге сәйкес жұмыс жүктемесін орындау;

6.2. Білім алушылардың сапалы, бәсекеге жауап беретін кәсіби жоғары білім алуын қамтамасыз ету;

6.3. Білім алушылардың мүдделерінің сақталуын қадағалау;

6.4. Студенттердің тұлға ретінде қалыптасуына кедергі болатын факторларды анықтау және түрлі психологиялық /түзету, бейімдеу, кеңес беру/ көмек беру;

6.5. Университеттің қоғамдық беделі мен абыройын арттыру;

6.6. Оқу орнында және жатақханада қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

## 7. Қорытынды ережелер

7.1. Этикалық кодекстің ережелері барлық профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге міндетті болып саналады.

7.2. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер оқу орнының абырой-беделіне нұқсан келтірсе, университет мүлкіне материалдық зиян келтірсе, ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.